



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті № 5 (205), 6.05. 2020



Құрметті ұжым мүшелері! Қадірлі студенттер!

Сіздерді Ұлы мереке - Жеңістің 75 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Жеңіс таңы атқан күн бізден қаншалықты алшақтаған сайын оның құндылығы соншалықты артып келеді. Өйткені, Ұлы Отан соғысы тек қазақ қана емес, жалпы адамзат тарихындағы ең ауыр да қатал соғыс болды. Миллиондаған адам Отан үшін шейіт болып, жанын қиды. Сол кезеңдегі 6 миллион қазақстандық тұрғынның 1 миллионнан астамы майданға аттанып, оның жартысы туған жерінен жырақта көз жұмды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ қазақстандық жауынгерлер Қабанбай мен Бөгенбайдай, Наурызбай мен Махамбеттей қаһарман ұрпақтың тұяғы ретінде ерліктерімен ерекшелене білді. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова, Әлия мен Мәншүк қазақ халқының қаншалықты ержүрек екендігін көрсете білді. Ерліктерімен ерекшеленген жүз мыңнан астам отандасымыз медаль-ордендермен марапатталды, оның 500-і Кеңес одағының батыры, 100-ден астамы «Даңқ» орденінің иегері атанды.

Бұл батырларымыздың ерлігі - ұрпаққа мәңгілік өнеге!

Бүгіндері нағыз майдан алаңында болған қайсар ерлердің саны күн сайын кеміп келеді. Біз ол кісілерді әрқашан мақтан етіп, қадірлеуіміз керек. Ардагерлермен қатар тылда еңбек етіп, бүгінгі бейбіт күннің атуына ерлікпен еңбек еткен азаматтарды да ардақ тұту - бүгінгі ұрпақтың парызы.

Соғыс кезінде Қазақстан 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 млн 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн, 2,5 млн дана жылы киім және басқа да өнімдерді майдан даласына жіберді. Қазақстандық

тыл еңбеккерлері майданға 110 000-нан аса жылқы, жаудан азат етілген аудандарға саны 500 000-нан асағын мал жіберген.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан жалпы одақтың мыс кұймасының 30%, марганец кенінің 60%, мыс кенінің 50%, металл висмуттың 65%, полиметалл кендерінің 70%, мырыш өнімінің 85% өндірді.

Соғыс кезінде майдан даласындағы азаматтармен тең дәрежеде еңбек еткен тылдағы азаматтардың да ерлігі мәңгілік құрметке ие!

Біз, бейбіт күннің тұрғындары, келер жас ұрпақ, осы Жеңіс арқылы орнаған ашық аспанымыз бен бейбіт күнімізге аға ұрпақтың алдында борыштармыз. Қасық қаны қалғанша майдан даласында күресіп, тылда тер төккен еңбектің арқасында келген бейбітшілікті өмір бойы аялап өтуіміз қажет.

Бұл Ұлы мереке мемлекеттілік пен тәуелсіздікті мәңгілік ету жолында халықтың бірлігі мен тыныштығы, саяси тұрақтылығы ең маңызды сала екендігін әрдайым есімізге салып тұрады. Сол үшін ардагерлерімізге мәңгілік тағзым!

Құрметті әріптестер, студенттер!

Мемлекетіміз мәңгілік жасасын, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Әрбіріңіздің шаңырағыңызға шаттық тілеймін!

Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Д.П.ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры